

# ҚАЗАҚТАР БЕРЛИНДЕ

## I

### ЖЫЛҚАЙДАР

Берлиннің тар көшесінде  
Салып жөнге немістерді,  
Жайнап жұлдыз кеудесінде,  
Кезей ұстап көк семсерді,  
Орнатып нық өз тәртібін,  
«Олай емес, былай жүр!» деп,  
Асауының басып желіп,  
Шабандарын етіп жүрдек,  
Жылқайдар жүр өзіміздің,  
Жап ырқына мініп аттай.

## II

### БІР НЕМІСКЕ

Сен — неміссің мен — қазақпын,  
Сен айтқандай — «азиятпын»,  
«Сен аспаннан жұлдыз қақтың»,  
Мен — «далада түйе бақтым».

\* \* \*

Енді мынау, қарайсың кеп,  
Дәрменің жоқ көзіңмен жеп.  
Арланасың, қорланасың,  
«Ыңтық болдым тағыға» деп.

\* \* \*

Егерде мен түссем қолға,  
Қамар ең-ау аңша торға;  
Олай болмай, бұлай болды,  
Біздің бахыт, сіздің сорға.

**Қасым АМАНЖОЛОВ.**